

ҚАРАҚАЛПАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ
ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жуманиязова Айгерим Мурат қызы

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік

педагогикалық институтының

магистранты

Аннотация: Бұл мақалада Қарақалпақстан ақын-жыраулары шығармаларын мектепте оқыту мәселелері қарастырылады. Менің бұл зерттеу барысымда оқу материалдарының жеткіліксіздігі, тілдік ерекшеліктер және әдістемелік тәсілдердің әлсіздігі сияқты мәселелер анықталады. Сонымен қатар, ақын-жыраулар шығармаларын тиімді меңгерудің жолдары ретінде интерактивті әдістер, көрнекілік құралдар және салыстырмалы талдау ұсынылады. Мақалада ұлттық әдеби мұраны оқытудың маңыздылығы мен оның оқушылардың рухани дамуына әсері негізделеді.

Кілт сөздер: Қарақалпақстан әдебиеті, ақын-жыраулар, мектепте оқыту, әдеби білім беру, ұлттық құндылықтар, халық мұрасы, жыраулық дәстүр, әдістеме, тәрбиелік мән, әдеби талдау

Abstract: This article examines the issues of teaching the works of Karakalpak poets and bards in school education. It analyzes the educational, cognitive, and cultural significance of their literary heritage. The study highlights key challenges such as the lack of teaching materials, linguistic difficulties, and methodological limitations. It also suggests effective approaches, including interactive teaching methods, the use of visual materials, and comparative analysis. The article emphasizes the importance of integrating Karakalpak literary heritage into the school curriculum to enhance students' spiritual and cultural development.

Keywords: Karakalpak literature, poets and bards, school education, literary heritage, national values, teaching methods, folklore, cultural identity, educational process, comparative analysis

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық әдеби мұраны оқыту—оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Соның ішінде Қарақалпақстан ақын-жырауларының шығармашылығы түркі халықтарының ортақ мәдени-әдеби мұрасының бір бөлігі ретінде ерекше мәнге ие болып табылады.

Ақын-жыраулар шығармалары халықтың тарихи өмірін, салт-дәстүрін, дүниетанымын көркем түрде бейнелейді. Сондықтан да оларды мектеп бағдарламасында оқыту оқушылардың әдеби білімін тереңдетіп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды түсінуіне де ықпал етеді.

20-Iyun, 2026-yil

Алайда, бұл шығармаларды оқыту барысында тілдік ерекшеліктер, әдісемелік материалдардың жеткіліксіздігі және тарихи-мәдени контексті түсіндіру қажеттілігі сияқты бірқатар мәселелер кездеседі. Осыған байланысты Қарақалпақстан ақын-жыраулары шығармаларын мектепте оқытудың тиімді жолдарын қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Негізгі бөлім

Қарақалпақстан ақын—жыраулары шығармаларының ерекшелігі. Қарақалпақстан ақын-жыраулары шығармалары халықтың тарихи жады мен рухани мәдениетін сақтаушы маңызды әдеби мұра болып табылады. Бұл шығармаларда елдің әлеуметтік өмірі, салт-дәстүрі, адамгершілік қағидалар мен дүниетанымы көркем тілмен бейнеленеді. Жыраулық дәстүр ауыз әдебиетімен тығыз байланысты болғандықтан, онда нақыл сөздер мен тәрбиелік ойлар кеңінен кездеседі. Ақын-жыраулар поэзиясы көбіне тарихи оқиғалармен сабақтасып, халықтың рухын көтеруге бағытталған.

Аталған шығармаларды мектеп бағдарламасында оқыту оқушылардың әдеби-эстетикалық талғамын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушылардың тіл байлығын арттырып, тарихи танымын кеңейтеді. Ақын—жыраулар шығармалары арқылы оқушылар туған жерге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді меңгереді.

Мектепте бұл шығармаларды оқыту барысында бірнеше қиындықтар байқалады. Біріншіден, оқу-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі.

Екіншіден, кейбір мәтіндердің тілдік ерекшелігі мен көне сөздердің көптігі оқушыларға түсінуді қиындатады. Үшіншіден, мұғалімдердің арнайы дайын материалдармен толық қамтамасыз етілуімен сабақтың сапасына әсер етеді.

Бұл мәселелерді шешу үшін заманауи оқыту технологияларын қолдану тиімді. Атап айтқанда, интерактивті әдістер, топтық жұмыс, пікірталас және жобалық тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар аудио және бейнематериалдарды пайдалану шығармалардың мазмұнын тереңірек түсінуге көмектеседі. Қазақ және қарақалпақ жырауларын салыстыра оқыту да тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қарақалпақстан ақын-жыраулары шығармаларын мектепте оқыту --оқушылардың рухани дамуы мен ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл әдеби мұра оқушыларды тарихпен, мәдениетпен және халықтық дүниетаныммен және халықтық дүниетаныммен таныстырды.

Алайда, оны оқыту барысында кездесетін әдістемелік және тілдік қиындықтарды шешу үшін заманауи педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану қажет. Интерактивті әдістерді енгізу, көрнекі құралдарды пайдалану және салыстырмалы талдау жасау арқылы оқыту сапасын арттыруға болады.

20-Iyun, 2026-yil

Сондықтан Қарақалпақстан ақын-жыраулары шығармаларын мектеп бағдарламасында жүйелі түрде оқыту—ұлттық құндылықтарды сақтаудың және жас ұрпақтың рухани тәрбиесін жетілдірудің тиімді жолы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Қазақ әдебиеті:оқу құралы.-Алматы:Мектеп,2021.-256 бет.
- 2.Қарақалпақ халық әдебиеті.-Нөкіс:Білім,2020.-180 бет
- 3.Жыраулық дәстүр және түркі халықтарының әдебиеті.-Алматы: Ғылым,,2019-210 б
- 4.Әдебиетті оқыту әдістемесі.-Алматы:Атамұра,2022.-300 бет
- 5.Қарақалпақ фольклоры және жыраулар паэзиясы.-Ташкент: Университет,2023.-175 б.